

**Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы,
"Білім беруді дамыту" орталығы «Ақпараттық
технологиялар» кафедрасының әдіскері – Мавленов
Нургазы Берикханулы.**



Ыбырай Алтынсарин еңбектері педагогикалық заманауи негізде

Қазақ ағартушылық ілімінің алауын жаққан алғашқы тұлға – Ыбырай Алтынсарин. Ұлы далада білім шамшырағын тұтатып қана қоймай, төл оқытудың озық үлгісін қалыптастырған ол заманауи педагогиканың тұңғыш сүрлеуін қалыптастырған сара тұлға. Отандық оқыту жүйесінің бүгінгі қалыпқа құйылуы барысында Ыбырай Алтынсариннің Торғай топырағында қазақ балалары үшін ашқан білім ордасы бір төбе, сол мектептерде балалардың толыққанды білім алуы үшін мазмұндық-материалдық база қалыптастырудағы еңбегі бір төбе. Сондықтан дала қоңырауының ұлттық педагогикаға сіңірген еңбегін үш үлкен арналы салаға бөліп қарастырған абзал. Алғашқысы, саналы ғұмырын мектеп ашуға, қазақ балаларының көңіл көзін ашуға, осы екі мақсаттың орындалуы жолында оқу құралдарын жазып шығаруы; Екінші, ұлт ұстазы тұтас қазақ даласындағы оқушылардың білім алуын қамтамасыз ете алу үшін ұстаз-тәлімгерлер даярлап, оларға ғылыми-методикалық кеңесші, басшы болуы; Үшінші, өзі өмір сүрген кезеңнің әлеуметтік-саяси, қоғамдық көрінісін қамтыған, дидактикалық-тәрбиені насихаттаған авторлық шығармашылығы;

Ұлт ұстазы көздеген мектеп ашу миссиясы күрмеулі кедергілерге тап болып ұзаққа созылғанымен, идеялық-материалдық тұрғыда ерік-жігерін топтастырғанының арқасында 1864 жылдың 8 қаңтарында жүзеге асты. Ал мектептердің саны мен сапасын арттыруда ағартушы-педагогтың 1879 жылы Торғай облысы бойынша орыс-қазақ училищелерінің инспекторы қызметіне тағайындалуы мол мүмкіндік сыйлады. Оқытуға аш қасқырдай кіріскен Ыбырай Алтынсарин осы функцияны атқара жүріп, Қостанай қаласынан бастап, Жітіқара Әуликөл, Обаған, Қарабалық болыстарында он бес мектептің ашылуына бастамашы болды. Ол білімге талапты тең сақтай отыра қазақ қыздарының да сауатын ашу ниетімен 1888 жылы 12 орындық интернаттың негізін қалады. [1] Ағартушы педагогты толғандырған келесі белес – ұлттық құндылықтар мен ана тіліміздің тазалығын сақтай отыра, қазақ балаларының болмысына тұс келетін оқу құралдарын жазу болды. Соның алғашқысы «Қазақ хрестоматиясын» жазуға ұстаз 1876 жылдың 2 желтоқсанында жең түрді. «Дала қоңырауы» оқулықты жазуға кіріскен алғашқы сәттен-ақ кітапқа қазақ өміріне, оның қоғамдық дамуына тікелей әсер ететін пайдалы материалдарды ғана енгізу шешімін қатаң ұстады. Осылайша хрестоматия негізгі 4 бөлімді құрады: 1. Балалар өмірінен ұсақ әңгімелер; 2. Үлкендер кмірінен әңгімелер; 3. Әр-түрлі өлең жырлар; 4. Мақал-мәтелдер. [2] Сонымен бірге, ағартушы-педагог аталған оқу құралын құрастыруда қазақ тілінің тазалығын сақтауға ден қойған. Ыбырай Алтынсариннің өз сөзімен жеткізсек: «...Осыған дейін жазылған қазақ кітаптары татар тілінде баспа көріп, араб, парсы сөздерінің араласуымен жазылғандықтан оқушысына түсініксіз болды. Мұндай жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін ескеріп, біз мұндай жетекші оқу құралдарын өзімізге ең жақын орыс тілінен іздеуге тиіс болдық», дейді. Осы тұста Ыбырай Алтынсарин тіл тазалығы мен бүтіндігі үшін күресті 60

жылдардың басынан жүргізген алғашқы адам деп тануға әбден лайық екенін айтқымыз келеді.

«Қазақ хрестоматиясының» үшінші және төртінші бөлігінің топтастырылуы, оқу-құралына енгізілуі бүгінгі білім беру, кітап құрастыру ісіне оң әсер етті. Себебі, бүгінде қазақ тілі мен әдебиет, тарих пәніндегі тапсырмалар жыраулар поэзиясымен жиі байланыстырылады. Ондағы көркемдік ерекшеліктерді табу немесе тарихи шындықты әңгімелеу секілді жаттығу-тапсырмалар жаңа оқу-құралдарында анық байқалады. Сондай-ақ, қазақ тілі пәніндегі оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту мақсатында сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін тақырыпқа сай беріліп отыратын мақал-мәтелдер ұлы педагог Ыбырай Алтынсарын қалаған соны дәстүр екені айқын. Сонымен бірге, «дала қоңырауы» құрастырған оқу-құралына кез келген тақырыптағы мысал, әңгімені енгізбегеніне баса назар аудару қажет. Оның басым бағыты балаларды еңбекке, тәрбиеге, өнерге, отанын сүйуге, адамгершілік пен тиянақтылыққа баулып, үндейтінін ескерсек, бұл қадам да жаңа білім беру мазмұнының бала бойына сіңіруі тиіс адами қасиеттерін айқындап берген, бүгінгі педагогтар, оқу-құралдарын құрастырушы ғалымдар бет түзейтін алғашқы оқулық. Ыбырай Алтынсарин еңбектерінде көрініс тапқан мұндай ерекшеліктер бүгінгі замануи педагогиканың түп негізі. Ол сондай-ақ, хрестоматияның бірінші бөлігін жазуда екінші бөлімін де құрастыруға бел байлағанын білдіргенімен, сан түрлі кедергілермен ойы жүзеге аспады.

Ыбырай Алтынсариннің бүгінгі күні өз дәрежесінде бағасын алмай келе жатқан оқу-құралы «Мұсылманшылық тұтқасы» (Шариат-ул -Ислам). «Құран негіздерін» үйретуге бағытталған еңбек Қазан қаласында, араб тілінде, 1884 жылы жарық көрген. [3] Оқу-құралының негізгі идеясы дін жайын қазақтарға оңай ұғындыру, қазақ балаларының дұрыс бағыт ұстанып, теріс түсініктен арылуына ықпал ету. Аталған оқу құралы да ислам шарттарынан бастап, намаз оқуға дейінгі білімді қамтитын 4 тарау, баптан тұрады. Бүгінгі мамыражай, зайырлы ел болып еңсеген дәуірде ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылық тұтқасы» оқу-құралын «Дінтану» пәнінің алғашқы бастамасы деп қабылдап, оқыту үрдісінде қолдану, ислам дінін игілікті жолмен насихаттауда басты құрал болуға таптырмайтын еңбек деп санаймыз.

Ағартушы-педагогтың төл туындылары да бүгінгі оқыту, методика, дидактика, тәрбие саласының алдындағы адастырмас темірқазық. Сондықтан Ыбырай Алтынсариннің ХІХ ғасырда бастаған педагогикалық бастауы, заманауи білім беру жүйесінің қалыптасуындағы алғышарт екені айқын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі, - Алматы, 1969
2. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин, - Алматы: Арда, 2005
3. Ламашев Ә. «Ы.Алтынсарин», - Алматы: Ана тілі.1991